

Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 17 мамыр N 49-II

Нью-Делиде 1999 жылғы 17 тамызда жасалған Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы

Шарт

(2000 жылғы 22 желтоқсанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 6, 66-күжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы,

екі мемлекет арасындағы қалыптасқан дәстүрлі достық байланыстарды басшылыққа ала

отырып,

қылмыстық істер бойынша кең ауқымда өзара құқықтық көмек көрсету қажеттілігін тағай

отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Құқықтық көмек көрсету ауқымы

1. Осы Шарт бойынша Тараптар қылмыстық істер бойынша бір-біріне кең ауқымда өзара құқықтық көмек көрсететін болады.

2. Θ з а р а құқықтық көмек:

1) қылмыстық жолмен табылған құндылықтарды, сондай-ақ қылмыстық құралдарды анықтау, тыйым салу және тәркілеу жөніндегі іс-шараларды;

2) жеке тұлғалардың атынан айғақтарды жинақтау және олардың арыздарын қабылдауды;

3) тергеу және сот іс-эрекеттерінің хаттамаларын қоса алғанда, ақпараттар мен құжаттарды табыс етуді;

4) сәйкестендіруді қоса алғанда, адамдар мен заттарды табуды;

5) іске қатысты материалдар мен заттарды анықтауды және алып қоюды;
6) заттай айғақтарды уақытша беруді қоса алғанда, мүлікті табыс етуді;

7) қамауда отырған адамдарды уақытша беруді және басқа да адамдардың жауап беруі тергеу жүргізуде немесе көмек көрсетуі үшін келуін қамтамасыз етуді;

8) шақыру қағаздарын қоса алғанда құжаттарды табыс етуді;

9) сұрау салынып отырған Тараптың зандарына қайшы келмейтін, осы Шарттың мақсаттарына сәйкес басқа да құқықтық көмекті қамтиды.

3. Осы Шарттың мақсатында қандай органнан, сottan немесе өзге де мекемеден сұралып отырғанына қарамастан өзара құқықтық көмек көрсетіледі.

4. Осы Шарт өздері қатысуышылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан және келісімдерден туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

5. Осы Шарттың ережелері оның күніне енуіне дейін орын алған іс-әрекеттерге қатысты құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерге де қолданылады.

2-бап

Анықтамалар

О с y Ш а р т т y н м a k s a t y n d a :

1. "Қылмыстық процесс" термині:

1) Қазақстан Республикасында - нақты қылмыстық іс бойынша оны қозғаудың, сотқа дейін әзірліктің, соттың іс қарауы мен үкімнің (қаулының) орындалуы барысында жүзеге асырылатын процессуалдық іс-әрекет пен шешімдердің жиынтығын;

2) Үндістан Республикасында - Парламенттің зандарына немесе штаттың заң актілеріне сәйкес қылмыс болып табылатын іс-әрекеттерге байланысты тергеуді, соттық тергеуді, соттық іс қарауды немесе басқа да процессуалдық іс-әрекетті білдіреді

3) "қылмыстық процесс" термині сондай-ақ экономикалық қылмыстарға жататын тергеуді немесе соттық іс қарауды қамтиды.

2. "Қылмыстық жолмен табылған құндылықтар" қандай да бір адамның қылмыс жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде өндіріп алған немесе алынған мүлікті немесе осы мүліктің құнын білдіреді.

3. "Мүлік" ақшаны, құнды қағаздарды және жылжитын немесе жылжымайтын, сондай-ақ материалдық не материалдық емес мүліктің барлық түрін, сондай-ақ осы мүлікке қатысты кез келген пайданы қамтиды.

4. "Тәркілеу" сот шешімі бойынша мүліктің барлығын немесе бір бөлігін, мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеу жолымен немесе өтеусіз алып қоюды білдіреді.

5. "Қылмыс құралы" жасалған қылмысқа байланысты пайдаланылған немесе пайдалануға арналған кез келген мүлікті, затты немесе құралды білдіреді.

6. "Мұлікке тыйым салу" мәмілелердің, мұлікті берудің немесе оларға билік жүргізуді болдырмауға бағытталған шараларды білдіреді.

3-бап

Орталық органдар

1. Осы Шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер Тараптардың орталық органдары арқылы жүзеге асырылады.
2. Қазақстан Республикасындағы орталық орган Бас прокуратура болып табылады; Үндістан Республикасындағы орталық орган Ішкі істер министрлігі болып табылады.
3. Тараптардың бірінің орталық органдарында өзгеріс болған жағдайда сол Тарап осы өзгерістер туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы кідіріссіз хабарлайды.

4-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің мазмұны

1. Осы Шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жазбаша түрде жасалуы тиіс. Алайда, кейінге қалдыруды көтермейтін немесе сұрау салынып отырған Тарап жол беретін өзге де жағдайларда құқықтық көмек көрсету туралы өтініш факсимильдік, электрондық немесе өзге де байланыс арқылы жіберілуі мүмкін, бірақ 60 (алпыс) күн ішінде жазбаша түрде, расталуы тиіс.

2. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініште мынадай деректемелер болуға тиіс:
 - 1) тергеу немесе құқықтық көмек көрсету туралы өтініште процессуалдық іс-әрекет жүргізіп жатқан құзыретті органның атауы;
 - 2) тергеу немесе процессуалдық іс-әрекет жүргізіліп жатқан фактілерге және заңдардың мәтіндеріне қатысты істерді қоса алғанда, істің сипаттамасы;
 - 3) құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің мақсаты және сұралып отырған көмектің сипатты;
 - 4) сұрау салушы Тараптың тілегіне сәйкес жекелеген рәсімдерді немесе талаптарды ет же й - т е г ж е й л і сипаттау;
 - 5) құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалуы мерзімінің көрсетілуі;
 - 6) алдын-ала тергеу немесе сот ісінің қаралуы жүргізіліп жатқан тұлғаларға немесе адамдарға қатысты жеке басының мәліметтері, азаматтығы мен орналасқан жері;
 - 7) іске қатысы бар айғақтарды жинауға немесе материалдар мен заттарды табуға және алып қоюға қатысты өтініштерге орай сұрау салынып отырған Тараптың заңды құқығының аумақтық шектерінде табылуы мүмкін айғақтар туралы жорамалдардың негіздемелері;
 - 8) заттық айғақтарды уақытша беретін жағдайда оларды сақтайтын органның атауы

мен лауазым иесінің аты-жөні, заттай айғақтар әкелінетін орын, заттай айғақтарға жүргізілуге тиіс тексерістер және осы заттай айғақтардың қайтарылуға тиіс күні;

9) қамауда отырған адамдардың сотқа келуін қамтамасыз ету жағдайында - оларды тапсыру кезінде қамауда отырған адамның немесе топтың апарылуға тиіс орны және олардың қайтарылатын күнінің көрсетілуі;

10) қажет болған жағдайда құпиялыштың сақталуын және басқа да тиісті себептерге сілтеме жасалыны;

11) қылмыстық жолмен алынған құндылықтарды немесе қылмыс құралдарына тыйым салуды немесе тәркілеуді жүргізу туралы өтініштерге қатысты, мүмкіндігінше:

а) олардың орналасқан жерін қоса алғанда, қылмыстық жолмен және қылмыс құралдарымен алынған құндылықтарды егжей-текжейлі сипаттау;

б) нақты ақшалардың немесе мұліктің қылмыстық жолмен немесе қылмыс құралдары арқылы алынғандығы туралы жорамалдың негіздемесі;

в) сұрау салынып отырған Тарапта бар айғақтардың процессуалдық іс-әрекетті жүргізу үшін қажетті сипаттамасы.

3. Сұрау салынып отырған Тарап осы бапта сипатталған, сұрау салынып отырған Тараптың заңдарына сәйкес орындалуы мүмкін құқықтық көмек көрсету туралы өтініште бүкіл ақпараттың қамтылмауына байланысты өтінішті орындаудан бастартпауға тиіс.

4. Егер сұрау салынып отырған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау үшін қосымша ақпарат қажет деп тапса, ол осындаи ақпаратты талап ете алады.

5-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш сұрау салынып отырған Тараптың заңдарына сәйкес орындалады және егер сұрау салынып отырған Тараптың заңдарына қайши келмесе оларда көрсетілген кез келген талаптарға сәйкес орындалады.

2. Сұрау салынып отырған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындауда елеулі кедергі келтіруі мүмкін кез келген жағдайлар туралы сұрау салған Тараптың өтініші бойынша хабарлайды.

3. Сұрау салынып отырған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті толық немесе ішінара орындаи алмайтындығы не болмаса өтінішті орындауды кейінге қалдыратындығы туралы өзінің шешімін, сондай-ақ осындаи шешімді қабылдаудың себептері туралы сұрау салушы Тарапқа кідіріссіз хабарлайды.

6-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

1. Сұрау салынған Тарап құқықтық көмек көрсетуден, егер де:
 - 1) құқықтық көмекті көрсету туралы өтінішті орындау өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне және басқа да елеулі мүдделеріне зиянын тигізетін болса не қандай да бір адамның қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;
 - 2) құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау сұрау салынып отырған Тараптың ұлттық зандарына қайшы келетін болса;
 - 3) құқықтық көмек көрсету туралы өтініште қызмет немесе қызмет құралы нәтижесінде алынған құндылықтарға тыйым салу, тәркілеу туралы ақпарат сұралса, (бұл сұрау салынып отырған Тараптың аумақтық занды құқығының шегінде болғанына қарамастан) ондай құндылықтарға қатысты тәркілеу туралы қаулы шығаруға негіз болмаса;
 - 4) айыпталушы түпкілікті ақталғанына, кешірім немесе рахымшылық жасалғанына қарамастан құқықтық көмек көрсету туралы өтініш қылмыстық істі қозғаса бас тартуы мүмкін.

2. Құқықтық көмек көрсетуден бас тартпастан бұрын сұрау салынып отырған Тарап өзі қажет деп тапқан шарттарға сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы мүмкіндікті қарастырады. Егер сұрау салушы Тарап осындай шарттармен құқықтық көмекті қабылдаса, ол осындай шарттарды сақтауға тиіс.

7-бап

Құжаттарды және заттарды табыс ету

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш хаттамалар мен құжаттарды беруге қатысты болса, егер сұрау салушы Тарап түпнұсқаларды талап етпесе, сұрау салынып отырған Тарап олардың куәландырылған көшірмелерін сұрау салушы Тарапқа беруі мүмкін.

2. Хаттамалар мен құжаттардың түпнұсқалары, сондай-ақ сұрау салған Тарапқа берілген заттар сұрау салынып отырған, Тарапқа оның өтініші бойынша мүмкіндігінше жедел қайталауды.

3. Егер сұрау салынып отырған Тараптың зандарында бұған тыйым салынбаса, құжаттар, заттар және хаттамалар сұрау салушы Тараптың зандарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін сұрау салушы Тараптың сұрауы мүмкін растайтын құжатпен бірге жіберіледі.

8-бап

Сұрау салынып отырған Тарапта айғақтар жинау

1. Сұрау салынып отырған Тарапта сауалға жауап беру, құжаттарды, хаттамаларды және басқа да құжаттар жасау талап етілетін қамауда отыратын адамды қоса алғанда, адам сұрау салынып отырған Тараптың зандарына сәйкес сауалға жауап беру үшін

және аталған құжаттарды, хаттамаларды және басқа да қажеттіліктерді жасау үшін шақыру қағазымен немесе сот хабарламасы арқылы сотқа шақырылуы мүмкін.

2. Сұрау салынып отырған Тарапта жүргізілетін, сұрау салынып отырған Тарап заңдарына сәйкес арнайы үәкілетті тұлғалардың, басқа да қызмет адамдарының және процессуалдық іс-әрекет барысына мүдделі адамдардың сұрау салынып отырған Тарапта айғақтар жинау кезінде қатысуына және осындай құжаттарды алуға қатысуына рұқсат етіледі.

3. Айғақтарды жинауға қатысу құқығы осы орайда сұрақтар қою үшін адвокаттың қатысу құқығын да қамтиды. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау уақытысында қатысып отырған адамдарға процессуалдық іс-әрекеттердің сөзбе-сөз жазбасын жазуға рұқсат етіледі, бұл орайда техникалық құралдарды пайдалануға да рұқсат етіледі.

9-бап

Жауап беру үшін немесе тергеуге көмек көрсету үшін адамдардың келуін қамтамасыз ету

1. Сұрау салып отырған Тарап сұрау салынған Тарапқа жауап беру үшін немесе тергеуге көмек көрсету үшін адамның немесе адамдардың келуін қамтамасыз ету туралы өтініш жіберуге құқылы.

2. Сұрау салынып отырған Тарап тергеуге көмек көрсету үшін немесе сотта істі қарау кезінде куәгер ретінде қатысуы үшін шақырып отырған адамның осыған келісімін сұрайды. Шақырылған адам төленетін барлық шығыстар туралы және өзіне берілетін төлемдер туралы хабарланады.

10-бап

Жауап беру үшін немесе тергеуге көмек көрсету үшін қамауда отырған адамдардың келуін қамтамасыз ету

1. Тергеуге немесе процессуалдық іс-әрекеттерге көмек көрсету үшін сұрау салған Тараптың сотына немесе өзге де құзыретті мекемесіне шақырылған, сұрау салынған Тараптың аумағында қамауда отырған адам мынадай шарттар сақталған жағдайда екінші Тарапқа уақытша беріледі, олар:

1) шақыру алған адам өзін беруге келіссе;

2) істі анықтау үшін уақытша берілген адам қылмыстық іс бойынша қажетті процессуалдық іс-әрекет жүргізгеннен кейін сұрау салынған Тарапқа, адам берілген күнінен бастап әрі кеткенде үш айдан кешіктірілместен қайтарылуға тиіс. Осы мерзім Тараптардың келісімі бойынша қажетті негіздеме болған жағдайда ұзартылуы мүмкін;

3) оны беруге кедергі келтіретін елеулі негіздемелердің болмауы.

2. Сұрау салынып отырған Тараптың зандарына сәйкес уақытша берілген адам қамауда ұсталуға тиіс жағдайларда сұрау салған Тарап бұл адамды қамауда ұстайды және сұрау салу орындалғаннан кейін сөз болып отырған адамды айдауылмен қайтады.

3. Уақытша берілген адам осы өтінішке қатысты соттық іс қарауға немесе тергеумен қатар кез келген басқа соттық іс қарау кезінде жауап беруге немесе қылмыстық істі тергеуді жүргізуде көмек көрсетуге міндettі емес.

4. Егер тағайындалған үкімнің мерзімі аяқталса немесе сұрау салынған Тарап сұрау салған Тарапты қамауға алынған адамды одан әрі ұстау талап етілмейтіндігі туралы мәлімдесе, онда мұндай адам босатылады және сұрау салынған Тарапта шақыру бойынша жүрген адам ретінде саналады.

11-бап

Қамауға алынудан кепілдік

1. Сұрау салған Тараптың шақыруы бойынша келген адам қандай да бір іс-әрекет үшін, оның ішінде сұрау салынған Тараптан келген уақытына дейін орын алған қылмыстық әрекетсіздігі үшін сот тәртібімен құғындалуға, ұсталуға немесе жеке бас бостандығының қандай да бір шектелуіне ұшырауға тиіс емес, сондай-ақ осы адамдар құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген жағдайлардан басқа реттерде қандай да бір өзге процесте жауап беруге міндettі емес.

2. Қандай да бір іс-әрекет үшін, оның ішінде қылмыстық әрекетсіздігі үшін сот алдында жауап беру үшін сұрау салған Тараптың шақыруы бойынша өзінің келісімімен келген адам құқықтық көмек көрсету туралы өтініште айтылмаған, іс-әрекеті үшін, оның ішінде қылмыстық әрекетсіздігі немесе осы адамның сұрау салынған Тараптан келгеніне дейін орын алған айыптаулар бойынша сот тәртібімен қудалануға немесе қандай да бір нысанда бас еркінен айырылуға тиісті емес.

3. Сұрау салған Тарапты емін-еркін тастап кетуге мүмкіндігі бар адам өзінің осы Тарапта болуы талап етілмейтіндігі туралы ресми құлақтандырылғаннан кейін 30 (отзы) күн ішінде осы Тараптан кетпесе немесе осы Тараптан шығып, өз еркімен қайта оралса, ол адамға осы баптың 1 және 2-ші тармақтары қолданылмайды.

4. Екі Тарапта да сұрау салған Тараптың шақыруына келісім бермеген адамға қатысты қандай да бір жазалау немесе мәжбүрлеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін емес.

5. Осы Шарт жөніндегі шақыруға сәйкес сұрау салған Тараптың аумағында жүрген кез келген адам сұрау салған Тараптың құзыретті органына келмесе, сұрау салған Тараптың зандарына сәйкес мәжбүрлі түрде әкелінуі мүмкін.

12-бап

Қылмыстық жолмен алынған құндылықтар және қылмыс құралдары

1. Сұрау салынған Тарап өтініш бойынша өзінің аумақтық занды құқығы шегінде қылмыстық жолмен алынған құндылықтардың және қылмыс құралдарының бар болуы фактісін анықтайды және бұл туралы сұрау салған Тарапқа хабарлайды.

2. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш қылмыстық жолмен алынған құндылықтарды, сондай-ақ қылмыс құралдарын тәркілеуге қатысты болуы мүмкін. Мұндай көмек сұрау салынған Тараптың зандарына сәйкес барлық тиісті тәсілдермен жүргізіледі. Мұның өзі сұрау салған Тараптың соты немесе өзге мекемесі шығарған тәркілеу туралы қаулының орындалуын немесе тәркілеу туралы қаулы шығару үшін сұрау салынып отырған Тараптың құзыретті органына құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті жіберуді қамтуы мүмкін.

3. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің қылмыстық жолмен алынған құндылықтарды және қылмыс құралдарын сату туралы өкімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салуға және қылмыс келтірген зиянды өтеге қатысы болуы мүмкін.

4. Егер әрбір нақты іс бойынша өзгеше көзделмесе, осы Шартқа сәйкес тәркіленген құндылықтар немесе қылмыс құралдары сұрау салынған Тарапқа тиесін болады.

5. Егер сұрау салынған Тарапта осы баптың 1-ші немесе 2-тармақтарына сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы өтінішке орай іс-қимыл жасалса және Тараптардың бірінде өкім бойынша тұлға жасаған фактілерді хабарлаған мәлімдеме орын алса осы Тарап ол туралы екінші Тарапқа мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабарлайды, сондай-ақ осында мәлімдемелердің нәтижелері туралы кідіріссіз хабарлайды.

13-бап

Айғақтар мен ақпараттарды пайдаланудың құпиялышы және шектелуі

1. Сұрау салынған Тарап сұрау салған Тараппен кеңескеннен кейін тапсырылған ақпараттың немесе айғақтың не осындаған ақпарат пен айғақтың көзінің құпия сақталуын, жария болмауын не болмаса өзі көрсеткен шарттарға сәйкес ғана пайдаланылуын сұраялады.

2. Сұрау салынған Тарап сұрау салынған көлемде құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті, оның мазмұнын және ілеспе құжаттарды, сондай-ақ құқықтық көмек беру фактісін, осы өтінішті орындау үшін қажетті жағдайларды есептемегендеге құпиялышқта сақтайтын болады.

3. Сұрау салып отырған Тарап сұрау салынған Тараптың келісімінсіз ақпарат пен айғақты жария етпеуге, сондай-ақ құқықтық көмек көрсету туралы айтылатыннан басқа мақсаттарға пайдаланбауға тиіс.

14-бап

Тіл

Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш және ілеспе құжаттар сұрау салынған Тараптың тілдерінің біріндегі аудармасымен жіберіледі.

15-бап

Шығыстар

1. Сұрау салынған Тарап құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстарды өз мойнына алады, оларға мыналар жатпайды:

1) сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша сұрау салынған Тараптың аумағына немесе аумағынан қандай да бір адамды жеткізуге байланысты шығыстар, сондай-ақ осы Шарттың 9-10-баптарына сәйкес осы адамның сұрау салған Тараптың аумағында болуы кезінде төленетін төлемдер мен шығыстар; және

2) сұрау салынған Тарапта, сондай-ақ сұрау салушы Тарапта да сарапшылардың қаламақылары мен олардың шығыстары.

2. Егер құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау қосымша шығыстарды талап ететіні анықталса, Тараптар құқықтық көмек берудің шарттары мен мерзімін айқындау үшін бір-бірімен кеңеседі.

16-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Егер талап етілсе, екі Тараптың өзара консультациялары арқылы осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

17-бап

Пікір алшақтығын шешудің тәртібі

Егер орталық органдар осы Шартты қолдану және түсіндіру жөнінде келісімге қол жеткізбесе кез келген пікір алшақтығы дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

18-бап

Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарын алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

19-бап

Қолданысының тоқтатылуы

Осы Шарт Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа Шарттың қолданысын тоқтату туралы 6 (алты) ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы хабарлаған уақытқа дейін
күшінде

б о л а д ы .

Осыны қуәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік алған төменде қол қоюышылар осы
Шартқа

қ о л

қ о й д ы .

Нью-Делиде 1999 жылғы 17 тамызда әрқайсысы қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды және барлық мәтіндер түпнұсқаға толық сәйкес келеді.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде Тараптардың арасында пікір алшақтығы орын алған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы

үшін

Үндістан Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК